

Мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Кеген ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 22 шілдедегі № 108 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2019 жылы 23 шілдеде № 5208 болып тіркелді. Күші жоңылды - Алматы облысы Кеген ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 219 қаулысымен

Ескерту. Күші жоңылды - Алматы облысы Кеген ауданы әкімдігінің 15.12.2023 № 219 қаулысымен.

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының 6) тармақшасына және "Мүгедектер үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 13 маусымдағы № 498 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14010 тіркелген) сәйкес, Кеген ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектерді жұмысқа орналастыру үшін жұмыскерлердің тізімдік саны бар ұйымдарға жұмыс орындарына квота белгіленсін:

1) елуден жүз адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

2) жүз бірден екі жүз елу адамға дейін - жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

3) екі жүз елу бірден артық адам - жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қабылбеков Кеңес Күнесбаевичке жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Байедилов

